

"ОТЫРАР" МЕМЛЕКЕТТІК АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ МУЗЕЙ-ҚОРЫҒЫ" РМҚК

ХАТТАМА №3

Қызметкерлер арасында жұмыс барысында ішкі әдеп, ішкі қарым-қатынас және қатынас мәдениеті мәселелері бойынша өткізілген жиналыс

Күні: «26» қыркүйек 2025 жыл

Уақыты: :11:30

Өткізілген орны: Кәсіпорын мәжіліс залы

Қатысушылар саны: 52 адам

Төрағалық етуші: Ғылыми ісі жөніндегі орынбасар Е.Т.Шоқай

Хатшы: Комплаенс офицері А.Б.Әметбекова

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Ұжым ішінде жұмыс барысындағы әдеп нормаларын сақтау.
2. Қызметтік қарым-қатынаста өзара құрмет пен сыпайылықты қалыптастыру.
3. Қатынас мәдениеті мен ұйымдағы моральдық-психологиялық ахуалды жақсарту жолдары.
4. Қызметкерлердің ұсыныс-пікірлерін тыңдау.

ТЫҢДАЛДЫ:

Комплаенс офицері А.Б.Әметбекова – ішкі әдеп ережелері мен қызметтік қатынастағы мінез-құлық нормаларын баяндап өтті.

Ұжымда салауатты психологиялық орта қалыптастырудың маңыздылығы, әріптестер арасындағы өзара сыйластық, сыпайылық пен кәсіби этиканың сақталуы туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Қызметкерлер өз ойларымен бөлісті:

- Әріптестер арасындағы ашық, сыпайы және сындарлы диалог ұйымның дамуына әсер етеді;
- Қызмет барысында дау-жанжалдың алдын алу үшін бір-біріне түсіністікпен қарау маңызды;
- Жұмыстағы стресстік жағдайлар кезінде қолдау көрсету мәдениетін қалыптастыру қажет;
- Ұжым ішіндегі мәселелерді ашық түрде, бірақ әдеп шеңберінде талқылау ұсынылды.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. Ұжымда ішкі әдеп талаптарын сақтау міндетті екені барлық қызметкерлерге ескертілсін.
2. Әріптестер арасында кәсіби, ашық әрі сыпайы қарым-қатынас орнату мәдениеті жүйелі түрде насихатталсын.
3. Ай сайын ішкі мәдениет пен ұжымдық ахуал мәселелері бойынша кері байланыс жиналысы өткізіліп отырсын.
4. Қызметкерлер арасында кәсіби әдеп нормаларын нығайту мақсатында ішкі этика кодексінің талаптары қайталап таныстырылсын.

Төраға:

Е.Т.Шоқай

Хатшы:

А.Б.Әметбекова